

тарихшы бір мезгілде өз жіптерін тарихнамалық дәстүрдің матасына кіргізеді. Заманауи зерттеуші «орналастырылған» әлем, өз кезегінде, осы диалогтың шарттары мен мазмұнын өзгертіп, үздіксіз және тез өзгеріп отырады. Ойшыл және орын алған үзілген өрнектерді шатастыру үшін байланыстырушы буынды табу керек, ол жалпы заңдылықтарда емес, бірден-бір жағдайдың бірегейлігінде (жағдайлардың барлық жиынтығын ескере отырып) және мифтерді ажырата алатын және тарихи сананың (қарапайым, кәсіби) стереотиптерін жеңетін ғалымның шығармашылық даралығында жатыр. Зияткерлік тарихтың жаңа бағыттары тарихи білім мен тарих ғылымының дамуын айқындайтын процестерді терең түсінуге, олардың кең интеллектуалдық және мәдени контекстіндегі жаңа өлшемдерін анықтауға нақты мүмкіндік бере отырып, өзінің ауқаттылығын дәлелдейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. -М., 1990.
2. Лаптева М.П. Теория и методология истории: курс лекций. Пермь, 2006. 248-249 б.
3. Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания : учеб. пособие для вузов. 2-е изд., стер. М., 2006. 268 б.
4. См.: Гуревич А.Я. К пониманию истории как науки о человеке // Историческая наука на рубеже веков. М., 2001. 166-175 б.
5. Лавджой А. Великая цепь бытия: История идеи / Пер. с англ. В. Софронова-Антони. -М.: Дом интеллектуальной книги, 2001. - 376 б.
6. Тарих ғылымының тарихы https://openu.kz/storage/lessons/3307/tarih-ylmyuny-tarihy_25_lecture.pdf

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Кузембаева Т.К.

*Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы
«№7 жалпы білім береті мектебі» КММ
Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің негізін қалаушы тұлға. Заман ағысына қарсы жүре білген ағартушы. Халықымыздың рухани көсемі, арқау болған қайраткері, дара тұлғасы. Ахметтің әлеуметтік бағдарының негізі, қайраткерлік міндетінің арқауы – туған халқының тағдырымен тамырлас. «Көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұртын» ұшпаққа жеткізудің амалын ғылымнан іздеді. Халқын әлеуметтік теңдік пен азаматтық мәдениетке жетеледі. Жұмысымының мақсаты: халықтың сауатын, көкірек көзін ашу жолында Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған мұраларын ғалымдардың зерттеуі негізінде талдау, арқалаған жүгін даралау. Сан жылдар өтсе де, бүгінгі күннің өзектілігімен өрілген ғылыми еңбектерінің қазақ әдебиетінде де, қазақ тіл білімінде де алар орны бөлек, ерекше. Жұмысты жазу барысында Ахметтің зерттеу еңбектерін сараптай отырып, көптеген қазақ ғалымдарының пікірімен ұштастырып, ағартушы зерттеулерінің салиқалы салмағын тағы бір басқа қырынан ұсынғым келді.

Ахмет Байтұрсынұлының мол мұрасының ішіндегі ең тұжырымдысы – «Әдебиет танытқыш». Ағартушының ғылыми көзқарасын, келбетінің сыншылдығын, эстетикалық, әрі философиялық тұрғыдан ойы терең, идеясы тың екендігін дәлелдейтін еңбек. Қазіргі таңда ғылыми айналымда қолданылып жүрген әдебиеттану саласындағы терминология мағына дәлдігімен, ықшамдығы және оңтайлылығымен құнды. Ең бастысы, бұл ұғымдар алғаш рет дәл осы еңбекте берілгенін атап өту керек. Әдеби мәтіндерді талдап, жанрлық

ерекшеліктеріне ден қойып, анықтама бере отырып, әдебиет ғылымының даму арнасын дәл көрсете білген шебер сыншы, кемеңгер тұлға. Ең бастысы, еңбектің құнарлылығы мен қанша заман өтсе де, қарастырылған мәселелерінің өзектілігінде жатыр. Себебі әр беті көкейге де қонымды, санаға да сіңімді.

“Әдебиет танытқыш” еңбегіне нысан ретінде қазақ ауыз әдебиетін және қазақ жазба әдебиетінің сан түрлі үлгісін алған. Алайда өзі қандай ғылыми еңбектерге сүйенгенін жазбаған. Дүниежүзілік ойдың басты тұжырымдық идеяларымен таныс екендігі ғалымның әдебиет теориясына, сыны мен тарихына, текстологиясына, жанрларына қатысты ұсынған пікірлерінен аңғарылады. Ахметтің қоғамдық білімінің де, тарихи-эстетикалық ілімінің де, философиялық негізінің де жинақы екенін анық аңғаруға болады. Мәселен, әдебиет ғылымындағы көпшілік ғалымдардың пікірі бір арнада тоғысады: «Әдебиет танытқышты» оқи отырып, Ахметтің Лессингтің трактаттарымен жете таныс екендігі өнер түрлерін тармақтағанда аңғарылатынын ескереді. Әдебиет тектерін даралағанда, ғаламның ішкі, тиіс, түйіс ғалам деп бөлуі Аристотельден бастау алса, Гегель, Белинский, Веселовский концепцияларымен де байланыстың ұштасқанын ерекше атап өтеді. Бір даралығы, ғалымның еңбегінде ұлттық үн естіледі, қазақи аударма сезіледі. Еш еңбекке сілтеме бермей, дайын цитаталармен көмкермей, қазақи үлгіде ықшам әрі миға қонымды етіп жазған «Әдебиет танытқыш» еңбегінің арқалаған жүгі аса салмақты.

Өнер туралы жалпылай мәлімдеп, көркем сөз өнерінің тарауларын жеке-жеке ерекшелеп көрсетіп, сөз өнері, шығарма сөздің ақылға, қиялға, көңілге беретін әсерін анықтап алып, ұғыну, тану, ойлау, ұқсату, бейнелеу, суреттеу, түйю, талғаудың айырмасын анықтап, тақырып, жоспар, түр дегендерді түсіндіріп, мазмұн алуандығын әуездеу, әліптеу, пайымдау деп үшке бөледі. Бұларды түсіндіру үшін Абай, Мағжан өлеңдері, М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек” трагедиясы, “Жәнібек бағыр” аңыз әңгімесі мысалға алынған [1].

“Әдебиет танытқыш” еңбегінің I бөлімі “Сөз өнерінің ғылымы” деп аталады, Ол бөлімшелерге, баптарға тармақталып, олардың әрбіреуінде күрделі мәселе қарастырылады. Ең алдымен, тіл, сөз өнері, шығарма деген терминдерге ғылыми тұрғыдан нақты жауап бере отырып, автор сөз өнерін шығарма тілінің ғылымы және шығарманың түрінің ғылымы деп бөледі. Өншейін тіл, ақын тілі деп шығарма тілін де екі арнада қарастырған. Қосымшалардың сауатты жалғануы, сөйлемдердегі сөздердің орнынан қатысты құрмаластыру мен орналастыру бойынша нақты талаптарын үлгі ретінде көрсетеді. Тіл тазалығына да ерекше мән береді.

Ахмет Байтұрсынов: “Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек”, - деген ұлы талабын өзі нақты іске асырады [2,23].

“Әдебиет танытқыштағы” келелі мәселенің бірегейі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесін, ғылым мен әдебиет айырмасын ашып көрсеткен. Зерттеуші – еретеректе болмаған сөздердің баламасын ұсынып, қазақи табиғатымызға тән жүйеде өзі жаңадан сөз ойлап тауып, айналымға енгізудің шебері. Қиыннан қиыстырған ер данасы осылайша күрделі мәселелердің шешімін оңай ұсынып отырған.

Толғау және терме сияқты терминдер қазіргі әдебиеттануда орын алған ұғымдар, ал үгіт өлең, үміт өлең деген – Ахмет Байтұрсыновтың тұжырымдаған ғылыми көзқарастары. Сарындама дегенді салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп үш түрге бөліп, оған көңілге қонымды мысалдар келтіреді. «Әдебиет танытқышта» салт сөзі: мысал, ділмар сөзі (афоризм), тақпақ, мақал-мәтел; ғұрып сөзі: тойбастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жоқтау, жарапазан, бата; қалып сөзі: жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры ретінде жіктеледі [1]. Нақты анықтамалар мен мысалдарға сүйене отырып, мәселенің ара жігін қонымды қылып түсіндіріп жазады. Әдеби байланыс пен әдеби ықпал арнасы да

Ахмет Байтұрсыновтың назарынан тыс қалмайды. Бұл тұрғыда ғалым әдебиеттің пайда болуы жайында ойын дамыта отырып, әдеби байланыстың, әдеби ықпалдың турасында ғылыми тұжырым ұсынады. “Әдебиет танытқышта” жазба әдебиеті жайлы да сөз етіледі. Бұл мәселе негізінде “Заркұм”, “Сал-сал”, “Сейфұл-Мәлік” сияқты қиссасы талданып, Жүсіпбек Шайхы Исламұлының “Мұса мен Қарынбай” қиссасы, Шортанбай, Әбубәкір, Молда-Мұса шығармалары аталады. Ғалым діндар дәуір, ділмар дәуір, сындар дәуір деп, әдеби дамуға байланысты пікір-байламдарын эстетикалық-теориялық тұрғыдан түсіндіреді. Автор мынадай қорытынды ұсынады: “Қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып көзге түскен. Сонан кейін ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған” [2,46].

Қазақ әдебиетінің өрлеуіне ықпалы салмақты болған дана Абай туындылары екенін, сындар дәуірінің бастамасы Абайдан бастау алатынын “Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы” өлеңін талдау арқылы дәлелмен келтіреді. Абайдың сөзге талғаммен қарағанын тілге тиек етеді. Талғам мен өнегенің, үлгі мен ықпалдың әсеріне тоқтала келе Ахмет: “Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр. Және сол бетпен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал”, - деп кесіп айтады [3,76].

Автор әуезе, толғау, айтыс-тартыс деп сындар дәуірінің дарынды сөздерін үшке бөліп қарастырады. Бұл қазіргі тілмен; эпос, лирика мен драма болып табылады. Әуезе: ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме (роман), ұзақ сөз, ұзақ әңгіме, көңілді сөз, мысал, ұсақ әңгіме ретінде жіктеген. Ғалым: “Ұлы әңгіме, яғни роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз” деп тұжырымдайды [2]. Зерттеуші лирикаға толғауды жатқызады. оның қыр-сырын жүйелі түрде талдап, пікірлерімен түйіндейді. Ішкі және тысқы шартпен толғаудың мәні мен мағынасын ашып береді.

Ғалым лириканы сап толғау, марқайыс толғау, налыс толғау, намыс толғау, сұқтаныс толғау, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс толғау деп жіктеп, анықтамасын ұсынып, дәлел ретінде Абайдан “Адамның кейбір кездері”, Сәкеннен “Жолдастар” өлеңін талдап, жіктейді.

“Айтыс-тартыс” деген атаумен драманы қазақшалайды. Онда ақынның айтатын әңгімесін еститінімізді, оқиғаның өзін және сол оқиғаға қатысты адамдарды көретінімізді, араларындағы тартысқа күй болатынығымызды атап көрсетеді. Яғни адамдардың айтысы мен тартысын өз көзінмен көретінін тілге тиек етеді. Байтұрсыновтың жіктеуі бойынша драма: 1) мерт, яки әлектегі тартыс (трагедия); 2) сергелдең, яки азапты тартыс (драма); 3) арамтер, яки әурешілік (комедия). Тағы бір жерде қысқарған үлгіде 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс деп дараланады. Осылардың әр тармағының сипаты жеке-жеке дәл сипатталады [4,77].

Зерттеу барысында ғалым А.Пушкиннің, Л.Толстойдың шығармашылығына қатысты пікірлерін де білдіріп, сөз өнерінің құдіретіне ерек тоқталған. Сонымен қатар Эзоптың, Федрдің, Лафонтеннің, Крыловтың есімдерін атап, жапондық, француздық, поляк әдебиетіндегі өлең құрылысы талданады. Бұл тарауда Абылайдың, Шоқанның, Ақан серінің, Торайғыровтың, Ядринцевтің, Потаниннің әдебиетке қосқан үлестерінің де аталып өтуі тегін емес.

“Әдебиет танытқыш” тұңғыш рет 1926 жылы жарияланған. 1989және 1991 жылдары қайта жарық көрген. Соңғысында бұрынырақ кеткен селкеуліктер жойылып, баспа кінәсінен кеткен олқылықтар түзетілген. Бұл еңбектің кей беттері жыртылып қалғандықтан, зейін салған кісінің аңғаратын тұстары бар екеніндігін ғалымдар ескереді. Мәселен: ұстасу шығармаларының әлектеніс, азаптаныс, әуреленіс сияқты түрлері нақты аталып өтілгенімен, екеуінің талдауы бар болғанымен, азаптаныс жайлы мүлдем сөз жоқ.

Сол себепті әдебиеттанушылардың алдында “Әдебиет танытқыштың” толықтанған мәтіндік нұсқасын табу керек деген мұраты тұр.

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» қосымша ақпарат легіне, бет нөмірлеріне сілтеме жасайды, яғни нұсқау береді. Соған сүйене отырып, ғалымдар оның қосымша хрестоматиясы болған деген тұжырым жасайды. Бүгінгі дерекке сүйенсек, ол жарияланбағанға ұқсайды немесе қолжазба күйінде архивте қалған. «Мәдениет тарихы» еңбегіне де қатысты дерек жоқ, жойылған.

Зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” арқылы қазақ әдебиеттануының әлемдік үлгідегі терминологиялық стандарт деңгейіне көтерілуіне еңбек сіңірді. Таза қазақ тілінде санаға қонымды жасалған туындысын, жаңалық жаршысын ұсынды. Бір-бірімен сабақтастығы үзілмеген, ой легі жалғаса отырып берілген, жүйелі қазақи танымды арттыратын ғылыми жаңалығы әдебиеттану арнасында үлкен төңкеріс болды. Әрине, қазір роман, лирика, драма деген терминдерді ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп баламасымен ғылымға енгізу мүмкін болмас, дегенмен А.Байтұрсынов ұсынған біршама жаңалықтар қолданыста, сұранысқа ие.

Ахмет өзінің «Қазақ» газетінде «Әдебиет танытқыш», «Тіл туралы», «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «Оқу құрал» тағы да басқа еңбектеріне шолу жасап, халыққа түсіндіріп отырған, олардың көзін ашу, танымын кеңейту, ой тастау, зейінін ашу мақсатында мақалаларын ұсынып отырған. Осылайша Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесін қолға алып, ұлттық жазу жүйесін ұлттық негіздегі бағдарламаларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға негіздегісі келген. Фольклорлық мұраларды жүйелеп, халық даналығын жинақтап, зерттеуге ерек назар аударған.

Ағартушының жинақтап бастырған асыл қазынасы – «23 жоқтау». Онда 23 трагедиялық жыр топтамасы берілген. Оларда Бапай батыр, Қаздауысты Қазыбек би, Кенесары, Наурыз-бай жайында ашық ақпараттар берілген. Мәселен, Қаздауысты Қазыбектің қызының жоқтауында әкесінің халқына пана болғаны, ел болашағын ойлап, береке мен биілікті көкसेгені жеткізіледі. «Кенесары-Наурызбай» жоқтауында да халық мүддесі қозғалғандығы айтылады.

Әрбір зиялының сауатын ашып, қалам ұстатады. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Соның ішіндегі «Тіл-құрал» оқулығы үш жылдық оқуға арналған. Әр жылға жеке дара ұсынылған. Біріншісі дыбыс жүйесіне, екіншісі сөздің жүйесіне, үшіншісі сөйлем және оның түрлеріне арналған. Біріншісында фонетикаға қатысты әріптер, буындар туралы ережелер ұсынылған, сөз тұлғасы жайлы ақпарат берілген. Сонымен қатар «Тіл құралда» оқытуға қатысты ідіс-тәсілдер қоса берілген. Оқулық жүйесі ақылға қонымды: қарапайымнан күрделіге қарай ойысқан. Тілші ғалым А.Қыдыршаев болса: «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» деп дөп кескен. Ағартушының әдістемесінің қазіргі оқытумен байланысы ерекше дәріптеледі. Автордың «Сөз басында»: «Тіл- құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұнды да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат болып көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалыптасып кетеді» деп төрелігін өзі шешкен [5.99]. Шынымен, бұл оқулық жат болмақ түгіл, уақыт өте келе санаға сіңіп кетті. «Тіл-құрал» Ахметті, Ахмет «Тіл-құралды» толықтырып тұрды. «Тіл-құрал» мектепте қолданылатын оқулықтардың төлбасы ғана емес, ана тілінде ұлттық тілімізді танып-білудің арнасы болды, қазақ тілін ғылым саласы ретінде дамытудың бетасшары болды. «Оқу құралы»

деген еңбегінде де ғалым қазақ тілі грамматикасына байланысты қазақша лингвистикалық атаулар легін ұсынады. Бүгінгі қолданыстағы зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз іспетті ғылыми терминологияны ұсынған Ахмет болатын. Қарапайым сөздің мазмұнын жаңғырту, не қосымша жалғау арқылы жаңадан сөз тудырып, қазақи болмысымызға қарай бұрған. Сәтті шыққан атаулар қазақ тілінің сөздік қоры мен мүмкіндігінің зорын дәлелдесе керек. «Тіл-құрал», негізінде, бастауыш мектепке арналған алғашқы қадам болғанымен, тұңғыш оқулық ретінде қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдаудың тапсырмас құнды арнасы. «Оқу құралы» да, «Тіл-құрал» да ғылыми жаңалығымен ана тілінде сауатты берілген ерек бастама болды. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық жүйеленуі де, сөз топтарын толық жүйелеп, сөз тұлғасын септеп, тәуелдеп, жіктеп беруде, сөйлем түрлерін ажыратуда зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсыновтың қолтаңбасы сақталып келе жатқаны – шындық. Жүйелі бағдарлама негізінде дайындалған құралдар ұлттық жазуды қолға алғаннан бастау алса керек. Бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы», яғни төте жазу дүниеге келіп, сонымен сауат аштырту көзделген.

Ахмет Байтұрсынов араб графикасының негізінде қазақ әліпбиін дүниеге әкеледі. Араб графикасын қазақ фонетикасының ырқына қарай икемдеп, қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды әліпбиден алып тастап, өзгеше, алайда ұқсастырып таңбалауды шығарады. Ол үшін дәйекшелерді ойлап табады, таңбалар қосады. Сөйтіп, 24 таңбадан құралған «қазақ жазуын» ұсынады. Осылайша қазақ интеллегенциясын оқу-ағарту идеясына түгелдей мойынұсынуына қол жеткізеді.

«Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген, о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап, тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби қолайсыз. Бойынды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби қолайсыз болады». Бұл – тіл білімінің зергері Ахмет Байтұрсыновтың пікірі. Халқының қамын ойлап, жарғақ құлағы жастыққа тимеген тұлға қазақ әліпбиін араб жазуына өзгерістер енгізу арқылы жетілдіруді көздеген. Себебі жазу арқылы халықтың рухани деңгейі өседі, мәдени мұрасы қалыптасады. Мақсат – дөп, алайда кедергі де көп болды. Ғалым мәселенің төркінін араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау арқылы шешуді қолға алды.

Дәстүрлі араб жазуында бір дыбыс бірнеше әріппен белгіленген, сөз жазылғанда тек дауыссыз дыбыстары таңбаланып, дауыстылары жазылмаған сөздерді ұғыну қиындық тудырған, дауысты дыбыстардың таңбасы үшеу ғана болуы кедергі жасаған, ол заманда араб, парсы, «ескі тілдің» сөздері көп қолданылғандықтан, графика барша қарапайым халыққа емес, аз ғана топтың мүддесіне қызмет еткен.

Араб жазуы қадим, жәдид және төте жазу сияқты үш сатыда қызмет еткен. Соңғысы, реформатордың топшылауынша, «ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы» болған. Оған ғалымның «Оқу құралы» деп аталатын тұңғыш кітабы дәлел. Бұл – балалардың көкірек көзін ашу құралы болса, ересектерге «Сауаташқыш», «Баяншы», «Әліппе астары», «Жаңа әліпби», «Тіл жұмсар», «Тіл – құрал» еңбектері тілінің жеңілдігімен ұтымды келген.

Ғұлама бар саналы ғұмырын қазақ тілінің дыбыстық жүйесін арнайы зерттеуге арнаған. Жазба тілдің лексикалық шұбарлықтан ада болып, өзге тілдің синтаксистік ықпалынан тазартуды көздеген. Ғалым сауатсыздықты жоюдың бірден-бір жолы жазу мәселесін реттеп, оқулық жайын шешу күттірмейтін мәселе ретінде алға тартқан. Осылайша Ахмет полиграфия тұрғысынан қолайлылығы мен қолайсыз тұстарын ескере келе, оқытудың тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтай отырып, қазақ тіліне қатысты төл дыбыстардан тұратын әліпби құрастырған.

Ғалымның реформалауынан кейін жазуды ұлттық қазақ жазуы деп атауымызға толық негіз бар. Себебі оны бүкіл түркі жұрты ұлттық жазу жүйесі деп таныды. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы

Ахмет Байтұрсынұлының ұлты үшін еңбегі өлшеусіз. Осы мақсатта «Оқу құралы» әліппе оқулығы жазылып, содан кейін қазақ тілінің грамматикасын ана тілінде талдаудың мақсатын қойылған. Дәл сол мақсатта «Тіл құрал» жазылған. «Оқу құралы» болса, ұлт ұстазының пайымдауынша оқушыға арналмаған. Ол - оқытушының құралы. Ғалым он бес жылдық оқыту тәжірибесінің негізінде, он жылдық кітап жазу үдерісінің негізінде оқытушыға да сүйенетін құрал керек деп шешіп, «Оқу құралына баяншысын» дүниеге әкелген. Ғалымның «Баяншы», «Тіл жұмсар» деген атаумен дүниеге келген көмекші құралдарының арқалаған жүгі ауыр.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», – деп жазған Ахмет халықтың қазақ мектептеріндегі оқыту жайын қолға алады [1]. Ол үшін, әрине, оқулық керек. Ол оқулық нақты ғылымға негізделуі қажет. Оқыған мен тоқығанды сапалы жеткізе алатын жазудың болғаны шарт. Сондықтан Ахмет өзінің танымдық арнасын қазақ тіліміз білімінің саласына, қазақ әдебиетінің арнасына, сонымен қабар төте жазуға бұрып, ғылыми жаңлықтар мен толағай өзгерістерді алып келді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/a-bajtursynovtyn-pedagogikalyq-kozqarasy-men-quizmeti/>
2. <https://tilalemi.kz/books/8000.pdf>
3. Байтұрсынұлы А. (Қол қойған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап № 1, Б. 12–13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ № 29, 7 қыркүйек 1913.
4. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің картотекасы. Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасының Сирек қор кітаптары.
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

*Алибекова А.А., 2-курс магистранты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Кіріспе

Кез келген адамның өмірінде діннің орны, діни тұлғалардың ақылы мен даналығы, қажырлы еңбектері әрқашан ұрпақ жадында мәңгі сақталуы қажет. Себебі дін - келер ұрпаққа өзіне өнеге тұтып отыруына және болашағына өте маңызды. Атақ пен даңқты діннен іздеу үлкен адасушылық. Ал діни сауаттылығының болмауы, дұрыс білім алмауы ол сонау Алаш зиялыларының өзекті мәселелерінің бірі болып саналды. Себебі халық ислам дінінен айырылса, ұлт ретінде жойылуы оп-оңай екенін түсінді. Біздің мыңдаған жылғы дүниетанымымыз, әдебиетіміз, тіліміз исламнан сусындағын. Одан айырылу бәрінен айырылу. Оны түсінбеу, өмір сүру мәнісін түсінбеу. Бірақ, Қызыл көз империя бұратана жұртпен санассын ба? Халықты, одан әрі қыспаққа ала берді. Мәселен, мұсылмандар проваславияға мойын ұсынар болса, салықтан босатылып, көптеген жеңілдіктер ұсынды.

Алаштың алыптары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбайұлы, М.Дулатұлы барлығы дін мәселесіне терең қараған. Дін мен мемлекеттің үндестігі жайлы Алаш партиясының бағдарламасында да айтылған.